

ЖШС «Әнел» «Әнел» балабақшасы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №3

Өткізілгін уақыты: 15.04.2026 жыл

Түрі: дәстүрлі

Тақырыбы: Педагогтардың жұмысына сараптама

Максаты: 2025-2026 оқу жылында педагогтардың жұмысына сараптама жасау, циклограммада кеткен қателіктерінің себебін анықтау, оқу жылының қорытынды есебіне дайындық жасау.

Қатысқандар саны: 9

Күн тәртібі:

1. №3-пед.кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Мектепалды даярлық тобы мектепке экскурсияға бару жөнін талқылау.
3. Балабақша педагогтердің құжаттарын талдау: циклограмма,перспективалық жоспар тексеру.
4. 2025-2026 оқу жылы бойынша балалардың білім деңгейінің қорытынды есебі.
5. Пед.кеңес шешімі

Қаралды

1.ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі №3 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы туралы айтты.

Әдіскер 9 өтпелі тақырып бойынша топтарға бөлінген көрнекіліктердің есебін айтты. Барлық топтар өздеріне тиесілі көрнекіліктерді А3 форматта жасап өткізді.

ШЕШІМІ:

1. Көрнекілік жасау барысында ескерту айтылған топтар мамыр айының соңына дейін толықтыру жұмыстары жасалсын.

2.ТЫҢДАЛДЫ: Мектепалды даярлық тобының мектепке экскурсияға баруын талқылады.Мектеппен сабақтасық бойынша жоспар құрылды.

ШЕШІМІ: Мектепалды даярлық тобының мектепке экскурсияға баруы — балалар үшін өте қызықты және пайдалы тәжірибе. Экскурсия барысында балалар мектептің атмосферасын сезініп, мұғалімдермен, оқушылармен танысуды, сыныптарды көруді, оқу құралдарын байқап көруді, сондай-ақ мектеп өмірінің ерекшеліктерімен танысуды күтеді.

3.ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері педагогтардың құжаттарын тексеру бойынша «Педагогтарды бағалау» сараптамасының есебін берді. Наурыз, сәуір, мамыр айларының циклограммалары және перспективтік жоспарлары тексерілді.

ШЕШІМІ:

1. Циклограммаға ескерту айтылған топтарға түзету жұмыстарына уақыт берілді.

4.ТЫҢДАЛДЫ:

Төртінші мәселе бойынша, 2025-2026 оқу жылының қорытынды есебі бойынша төмендегі тапсырмалар берілді:

- тәрбиешілердің, медбикенің 2025-20206 оқу жылының қорытынды есебін жасау;
- аға тәрбиешіге 2025-2026 оқу жылының мониторинг қорытынды есебін жасау тапсырмасы берілді.
- әдіскер Айдана Жанабайқызына топ құжаттарының орындалу жүйесін бақылау қорытындысының есебін жасауды тапсырды.

ШЕШІМІ:

1. №4 педагогикалық кеңеске берілген тапсырмаларға жауапты адамдар жүйелі түрде орындасын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы: Ж.П. Саменова



Хатшы: Сапар Г

